

**«Сақтандыру төлемдеріне
кепілдік беру қоры» АҚ**

2021 жылға арналған

қаржылық есептілік

және тәуелсіз аудиторлардың есебі

М А З М Ұ Н Ы

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығының 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін дайындағаны үшін жауапкершілік туралы мәлімдемесі	3
Тәуелсіз аудиторлардың есебі	4
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдайы туралы есеп	7
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші жалпы жиынтық кіріс туралы есеп.....	9
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші ақша қозғалысы туралы есеп	10
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші капиталдағы өзгерістер туралы есеп	12
«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қаржылық есептілігіне ескертпелер	
1-ескертпе. Жалпы мәліметтер	13
2-ескертпе. Есеп саясатының негізгі қағидаттары	16
3-ескертпе. Есеп саясатындағы және ақпаратты ашып көрсету қағидаттарындағы өзгерістер (жаңа ХҚЕС қолдану және ХҚЕС түсіндірмелері)	31
4-ескертпе. Маңызды бухгалтерлік пайымдаулар, жорамалдар мен бағалаулар	35
5-ескертпе. Ақша және оның баламалары	37
6-ескертпе. Банк депозиттері	38
7-ескертпе. Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	39
8-ескертпе. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері.....	40
9-ескертпе. Негізгі құралдар.....	41
10-ескертпе. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері	42
11-ескертпе. Сауда және өзге де кредиторлық берешек	49
12-ескертпе. Жарғылық капитал	50
13-ескертпе. Резервтік капитал	52
14-ескертпе. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша есепке алынатын қаржылық активтерді қайта бағалауға арналған резервтер.....	54
15-ескертпе. Пайыздық кірістер	55
16-ескертпе. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кіріс (залал)	56
17-ескертпе. Активтердің құнсыздануынан болған залалдарды (шығындар) қалпына келтіру	57
18-ескертпе. Операциялық шығыстар	58
19-ескертпе. Табыс салығы.....	60
20-ескертпе. Қаржылық тәуекелдерді басқарудың мақсаттары мен саясаты.....	62
21-ескертпе. Шартты және әлеуетті міндеттемелер	74
22-ескертпе. Байланысты тараптармен операциялар.....	76
23-ескертпе. Есепті күннен кейінгі оқиғалар.....	77

**«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ басшылығының
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
қаржылық есептілігін дайындағаны үшін жауапкершілік туралы мәлімдемесі**

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ¹ (бұдан әрі – Қор) басшылығы Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (ХҚЕС) сәйкес 2021 жылғы 31 желтоқсан күнінің соңындағы жағдай бойынша Қордың қаржылық жағдайын, сондай-ақ, 2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші қызметінің қаржылық нәтижелерін, ақша қозғалысы мен меншікті капиталының өзгеруін анық көрсететін қаржылық есептілікті дайындауға жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде Қор басшылығы:

- есептік саясат қағидаттарын дұрыс таңдауды және қолдануды қамтамасыз етуге
- ақпараттың, соның ішінде есеп саясаты туралы деректердің осындай ақпараттың орындылығын, растығын, салыстырмалылығын және түсініктілігін қамтамасыз ететін нысанда ұсынуға
- ХҚЕС талаптарын орындау есептілікті пайдаланушылардың қандай да бір мәмілелердің, сондай-ақ өзге оқиғалардың немесе шарттардың Қордың қаржылық жағдайына және қызметінің қаржылық нәтижелеріне ықпал етуін түсінуі үшін жеткіліксіз болған жағдайда, қосымша ақпаратты ашуға
- Қордың көз етер болашақта өзінің қызметін жалғастыру қабілетін бағалауға жауапкершілік атқарады.

Басшылық сондай-ақ:

- ✓ Қорда ішкі бақылаудың тиімді және сенімді жүйесінің жасалуына, ендірілуіне және сүйемелденуіне
- ✓ Қордың мәмілелерін ашуға және түсіндіруге, сондай-ақ кез келген күнге Қордың қаржылық жағдайы туралы жеткілікті дәл ақпарат беруге және қаржы есептілігінің ХҚЕС сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін нысанда жүргізілуіне
- ✓ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бухгалтерлік есеп жүргізуге
- ✓ Қор активтерінің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі барлық қисынды мүмкін шаралардың қабылдануына
- ✓ қаржылық және өзге теріс пайдаланушылық фактілерін анықтауына және олардың алдын алуына жауапкершілік атқарады.

2021 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл іші қаржылық есептілігін шығаруға Қор басшылығы 2022 жылғы 24 наурызда бекітті.

Қор басшылығының атынан

Басқарма Төрағасы



Джолдасбеков А.



Бас бухгалтер



Пичитаева А.

¹ Қор басшылығы – Басқарма мүшелері және Қордың бас бухгалтері бірлесіп жұмыс істейді.

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ ЕСЕБІ

«САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІНЕ КЕПІЛДІК БЕРУ ҚОРЫ» АҚ АКЦИОНЕРЛЕРІНЕ

Пікір

Біз 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жай-күйі бойынша қаржылық жағдай туралы есептен, көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша пайда немесе залал және өзге жиынтық кіріс туралы есептен, капиталдағы өзгерістер туралы есептен, ақша қаражатының қозғалысы туралы есептен, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелерінің қысқаша сипаттамасынан тұратын «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ (бұдан әрі - «Қор») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік Қордың 2021 жылдың 31 желтоқсанындағы жағдайы бойынша қаржылық жағдайының барлық елеулі аспектілерінен, сондай-ақ көрсетілген күні аяқталған жыл бойынша Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес оның қаржылық нәтижелерін және ақша қаражатының қозғалысын шынайы көрсетеді.

Пікір білдіруге негізідеме

Біз Халықаралық аудит стандарттарына (ХАС) сәйкес аудит жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттеріміз әрі қарай біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептілік аудитіне жауапкершілігі» бөлімінде сипатталған. Бухгалтерлерге арналған халықаралық әдеп стандарттары жөніндегі кеңестің Кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексіне (БХӘСК Кодексі) және біздің қаржылық есептілік аудитімізге Қазақстанда қолданылатын әдеп талаптарына сәйкес, біз Компанияға тәуелді емеспіз және біз басқа да этикалық міндеттерді аталған талаптарға және БХӘСК Кодексіне сәйкес орындадық. Біздің пайымдауымызша, біз алған аудиторлық дәлелдер ескертпесі бар пікірді білдіруге негіздеме болу үшін жеткілікті және сәйкес болып табылады.

Есепті күннен кейінгі оқиғаларға байланысты қаржы активтеріне қатысты елеулі белгісіздік

8-ескертпеде өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтерінің құрамында жалпы баланстық құны 832.880 мың теңге болатын «Банк ВТБ» АҚ еншілес ұйымының корпоративтік облигациялары ұсынылғандықтан, біз есепті күннен кейінгі 23-ескертпеге, қаржылық есептілікке назар аударамыз, ол кейіннен жария етіледі. Қордың қызметіне Ресейдің Украинадағы әскери операциясының басталуына байланысты оқиғалар ықпал етеді, өйткені Қор активтерінің бір бөлігі банктердің қаржы құралдарына салынған, тікелей немесе жанама түрде Ресейге қарсы санкциялар қолданылады, атап айтқанда «Банк ВТБ» АҚ еншілес ұйымының облигациялары. Бұдан басқа, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарының бастапқы нарығында Қордың қызмет көрсетуші брокері «Ресей Сбербанкі» АҚ еншілес банкі болып табылады. Осы мән-жайлар 23-ескертпеде баяндалған басқа мәселелермен қатар қаржы активтерінің әділ құнының төмендеуіне байланысты Қор шығындарының едәуір ұлғаюына әкелуі мүмкін елеулі белгісіздіктің болуын көрсетеді.

Біз бұл мәселеге байланысты өзгертілген пікір білдірмейміз.

Маңызды жағдайлар – резервтерді бөлек есепке алу

2021 жылғы 31 желтоқсан соңындағы жағдай бойынша Қордың инвестициялық кірісінің жалпы сомасы оның бөлінбеген табысында әрбір жеке резервтері және оның меншікті капиталы бойынша бөліністе көрсетілген. Есепті күннен кейін Қор акционерлерінің жылдық жалпы жиналысының шешімдерін орындау нәтижелері бойынша Қордың бөлінбеген кірісі азаяды, ал сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері мен зиянды өтеу резерві 1,154,938 мың теңгеге, яғни 2021 жылға Қор резервтерінің қаражатын инвестициялаудан түскен кірістер мөлшеріне ұлғайтылады (10-ескертпелі қараңыз). Біздің пікірімізде осы мәселеге қатысты ескертпелер болмады.

Қор басшылығының және Қордағы корпоративтік басқаруға, қаржылық есептілікке жауап беретін тұлғалардың жауапкершілігі

Қор басшылығы, яғни Басқарма мүшелері және Қордың бас бухгалтері бірлесіп ХҚЕС-ке сәйкес қаржылық есептіліктің дайындауы мен әділ ұсынылуына және де алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбаған қаржылық есептілікті дайындау үшін Қор басшылығы қажет деп анықтайтын ішкі бақылау жүйесіне жауапты.

Қаржылық есептілікті дайындауда басшылық Қордың үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетін бағалау, сәйкес жағдайларда үздіксіз қызметке қатысты мәселелерді ашып көрсету және басшылық Қорды жауып тастауға немесе оның операцияларын тоқтатуды ниеттеніп отырған немесе одан басқа нақты балама нұсқасы болмаған жағдайларды қоспағанда бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдану үшін жауапты.

Корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалар, Қордың қаржылық есептілігін дайындауды қадағалауға жауапты.

Аудитордың қаржылық есептілік аудитіне жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептіліктің толығымен алаяқтық әрекеттер немесе қателіктер салдарынан елеулі бұрмаланбағандығы туралы ақылға қонымды сенімділік алу және де біздің пікіріміз енетін аудиторлардың есебін шығару. Ақылға қонымды сенімділік жоғары дәрежедегі сенімділікті білдіреді, бірақ Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит бар болған кездегі елеулі бұрмалануларды әрқашан табатындығына кепіл болып табылмайды. Бұрмаланулар алаяқтық әрекеттер немесе қателіктердің нәтижесі болуы мүмкін және де егер олар жеке немесе жиынтық түрінде осы қаржылық есептілік негізінде қабылданатын экономикалық шешімдерге ықпал етуі негізді түрде жорамалданса, маңызды болып саналады.

Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес жүргізілген аудит шеңберінде, біз кәсіби пайымдауды қолданамыз және аудит бойы күмәншілдікті сақтаймыз. Одан бөлек, біз келесілерді орындаймыз:

- ✓ алаяқтық әрекеттер немесе қателік салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелін анықтаймыз және бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық рәсімдерді әзірлейміз және өткіземіз; біздің пікірімізді білдіру үшін негіз болатын жеткілікті және тиісті аудиторлық дәлелдер аламыз. Алаяқтық әрекеттер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелі қателіктер нәтижесінде елеулі бұрмалануларды анықтамау тәуекелінен жоғары, өйткені алаяқтық әрекеттер сөз байласу, жалғандық, қасақана өткізу, ақпаратты немесе әрекетті бұрмалап көрсетулерді немесе ішкі бақылау жүйесін айналып өтуді қамтуы мүмкін;
- ✓ жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық рәсімдерді әзірлеу мақсатымен, бірақ Компанияның ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатынсыз, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесінің түсінігін аламыз;
- ✓ қолданылатын есеп саясатының тиісті сипатын және бухгалтерлік бағалаулардың негізділігін және басшылықпен дайындалған ашып көрсетілген ақпаратты бағалаймыз;
- ✓ басшылықтың бухгалтерлік есептің үздіксіз қызмет негізін қолдануының заңдылығы туралы қорытынды жасаймыз және де алынған аудиторлық дәлелдер негізінде Компанияның үздіксіз қызметін жалғастыру қабілетіне елеулі күмән туғызуы мүмкін оқиғалар немесе шарттарға байланысты елеулі белгісіздіктің бар-жоқтығы туралы қорытынды жасаймыз. Егер біз елеулі белгісіздік бар деген қорытындыға келсек, біздің аудиторлардың есебінде қаржылық есептіліктегі сәйкес ашып көрсетілген ақпаратқа назар аудартуымыз керек немесе осындай ашып көрсетілген ақпарат орынсыз болса, пікірімізді түрлендіруіміз керек. Біздің қорытындыларымыз біздің аудиторлардың есебінің күніне дейін алынған аудиторлық

дәлелдерге негізделген. Алайда болашақ оқиғалар немесе шарттар Компанияның үздіксіз қызметті жалғастыру қабілетінің жоғалуына әкелуі мүмкін;

- ✓ қаржылық есептіліктің ашып көрсетілген ақпараты енетін бүтіндей ұсынылуын, құрылымы мен мазмұнын, және де қаржылық есептіліктің негізінде жатқан операциялар мен оқиғаларды әділ ұсынылуын қамтамасыз етілетіндей көрсетуін бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауапты тұлғалармен ақпараттық өзара іс-қимылды жүзеге асырамыз, олардың мәліметтеріне, басқаларымен қатар, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері, сондай-ақ, аудит нәтижелері бойынша ескертулер, оның ішінде аудит барысында анықтайтын ішкі бақылау жүйесінің елеулі кемшіліктері туралы ақпаратты жеткіземіз.

Нәтижелері бойынша тәуелсіз аудитордың осы қорытындысы шығарылған аудитті жүргізуге жауапты басшы:

Аудиторы  Омаров Т.А.

Қазақстан Республикасының білікті аудиторы.
Аудиторлар палатасының Қазақстан
Республикасының аудиторлығына
кандидаттарды аттестаттау жөніндегі Біліктілік
комиссиясымен 1996 жылғы 29 сәуірде
берілген Аудитордың біліктілік куәлігі

«BDO Kazakhstan» ЖШС
2021 жылғы 22 қазанда Қазақстан
Республикасы Қаржы Министрлігінің
Қаржылық бақылау комитетімен берілген №
21030362 мемлекеттік лицензиясы,
Нұр-Сұлтан қ.
2022 жылғы 24 наурыз
Алматы қ.

Директоры  Омаров Т.А.

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ
2021 жылғы 31 желтоқсандағы жай-күйі бойынша
қаржылық жағдайы туралы есеп

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

	Ескертпе	31.12.2021 ж.	31.12.2020 ж.
АКТИВТЕР			
Ақша және оның баламалары	5	143,758	532,523
Банк депозиттері	6	1,465,868	1,378,870
Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	7	14,175,837	12,371,862
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері	8	2,281,310	2,179,480
Алдын ала төленген табыс салығы		15,681	28,572
Материалдық емес активтер		3,731	3,260
Негізгі құралдар	9	271,226	279,438
Өзге активтер		10,658	8,500
БАРЛЫҒЫ АКТИВТЕР		18,368,069	16,782,505
КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
МІНДЕТТЕМЕЛЕР			
Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру және зиянды өтеу резервтері	10a	12,153,237	10,782,780
оның ішінде:			
СТКР ЖСК ²	10a	8,313,825	7,283,902
СТКР ӨСК	10a	1,374,052	1,227,206
ЗӨР	10a	2,465,360	2,271,672
Сауда және өзге кредиторлық берешек	11	25,738	35,968
Кейінге қалдырылған салық міндеттемесі	19b	17,514	13,321
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ		12,196,488	10,832,069
КАПИТАЛ			
Жарғылық капитал	12	500,000	500,000
Сатып алынған меншікті акциялар	12	(98,200)	(100,577)
Эмиссиялық кіріс		94,321	78,509
Резервтік капитал	13	5,055,388	5,055,388
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау резерві	14a	11,969	(24,969)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері бойынша шығындарға арналған резерв	14b	2,196	1,064

² Осы жерде және бұдан әрі осы қаржылық есептіліктің кестелерінде «СТКР ЖСК» қысқармасымен «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві, «СТКР ӨСК» қысқармасымен – «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві, «ЗӨР» аббревиатурасымен – зиянды өтеу резерві белгіленген.

	Ескертпе	31.12.2021 ж.	31.12.2020 ж.
Бөлінбеген кіріс (жабылмаған шығын)		605,908	441,020
Оның ішінде:			
2021 жылға		1,205,748	1,269,219
қаражаты есебінен:			
СТКР ЖСК	10b	787,197	709,474
СТКР ӨСК	10b	123,015	143,035
ЗӨР	10b	244,726	212,249
меншікті капитал, нетто		50,810	204,462
2020 жылға дейінгі кезең іші		(599,840)	(828,199)
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ		6,171,581	5,950,436
БАРЛЫҒЫ КАПИТАЛ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕР		18,368,069	16,782,505

Қор өтімділік тәртібімен тұтастай алғанда қаржылық жағдай туралы есептің баптарын ұсынады. Қордың активтері мен міндеттемелерін қысқа мерзімді (қаржылық жағдай туралы есеп берілген күннен кейін 12 ай ішінде өтеумен немесе орнын толтыру) және ұзақ мерзімді (қаржылық жағдай туралы есеп берілген күннен кейін 12 айдан астам уақыт ішінде) бөлу осы қаржылық есептіліктің 20-ескертпесінде ұсынылған.

Осы қаржылық есептілікте: «31 желтоқсанға» деген сөздер 31 желтоқсандағы Алматы уақыты бойынша сағат 24.00-дегі сәтті білдіреді, сандарды бөлгіштер ретінде үтірлер, ал ондық бөлгіштер ретінде – нүктелер қолданылады, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша есепті жылдың барлық ақшалай мәндері мың теңгеге дейін дөңгелектелген; бұл ретте басқа мәндерді қосу нәтижесін білдіретін дөңгелектелген мән дөңгелектелген қосындылар мәндерінің сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.


Аталған қаржылық есептіліктің 13-79 беттерінде берілген ескертпелер аталған есептердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы қаржылық есептілік Қор басшылығының атынан 2022 жылғы 24 наурызда шығаруға бекітілді және қол қойылды.

Басқарма Төрағасы



Джолдасбеков А.



Бас бухгалтер



Пичитаева А.

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
жиынтық кіріс туралы есеп

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

		31.12.2021 аяқталған жылға	31.12.2020 аяқталған жылға
Ескертпе			
Инвестициялық кірістер		1,466,231	1,568,798
оның ішінде:			
пайыздық кірістер	10с, 15	1,381,949	1,247,406
бағамдық айырма, нетто	10с, 16	75,085	269,931
күтілетін кредиттік шығындар, нетто ³	10с, 17	9,197	51,460
Өзге кірістер		2,991	9,518
Барлығы кірістер		1,469,222	1,578,316
Операциялық шығыстар	18	(259,706)	(276,323)
САЛЫҚ САЛЫНҒАНҒА ДЕЙІНГІ КІРІС		1,209,516	1,301,993
Табыс салығы бойынша жұмсалған шығыстар	19	(3,768)	(32,773)
Жыл ішіндегі таза табыс		1,205,748	1,269,219
Өзге жиынтық кіріс ⁴		38,069	(36,149)
оның ішінде:			
өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша	14с	38,069	(36,149)
бағаланатын қаржы активтерінің әділ құнының таза өзгеруі			
ЖЫЛ ІШІНДЕГІ ЖАЛПЫ ЖИЫНТЫҚ КІРІС		1,243,817	1,233,070

Осы қаржылық есептілікте: «31 желтоқсанға» деген сөздер 31 желтоқсандағы Алматы уақыты бойынша сағат 24.00-дегі сәтті білдіреді, сандарды бөлгіштер ретінде үтірлер, ал ондық бөлгіштер ретінде – нүктелер қолданылады, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша есепті жылдың барлық ақшалай мәндері мың теңгеге дейін дөңгелектелген; бұл ретте басқа мәндерді қосу нәтижесін білдіретін дөңгелектелген мән дөңгелектелген қосындылар мәндерінің сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Аталған қаржылық есептіліктің 13-79 беттерінде берілген ескертпелер аталған есептердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы қаржылық есептілік Қор басшылығының атынан 2022 жылғы 24 наурызда шығаруға бекітілді және қол қойылды.

Басқарма Төрағасы



Джолдасбеков А.



Бас бухгалтер



Пичитаева А.

³ Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерін (провизияларды) қалпына келтіруден түсетін кірістер мен осы резервтерді (провизияларды) қалыптастыруға кеткен шығындар арасындағы айырма.

⁴ Шамалар кірістер немесе шығыстар ретінде кейіннен қайта жіктелуі мүмкін.

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ
2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
ақша қозғалысы туралы есеп

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

		31.12.2021 аяқталған жылға	31.12.2020 аяқталған жылға
Ескертпе			
ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Алынған пайыздық сыйақы		975,913	305,739
Қызметкерлерге берілген төлемдер		(154,953)	(146,279)
Төленген өзге де салықтар		(31,865)	(51,292)
Жеткізушілерге төленген ақша		(41,002)	(54,166)
Өзге де түсімдер		3,341	(1,714)
Операциялық қызметтен түскен табыс салығын төлегенге дейінгі ақша		751,434	52,288
Төленген табыс салығы	19	(9,013)	(11,285)
Операциялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы		742,421	41,003
ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Банк депозиттері бойынша ақша қозғалысы, нетто		(28,370)	2,114,061
Амортизацияланған құнымен бағаланатын қаржы активтері бойынша ақша қозғалысы	7	(1,383,900)	(2,235,755)
оның ішінде			
активтерді өтеуден (сатудан) түсетін түсімдер		4,458,444	9,973,048
активтерді сатып алу		(5,842,344)	(12,208,803)
Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтері бойынша ақша қозғалысы	8	(49,528)	(1,176,080)
оның ішінде			
активтерді өтеуден (сатудан) түсетін түсімдер		782,000	732,436
активтерді сатып алу		(831,528)	(1,908,516)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу	9	(4,559)	—
Инвестициялық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы		(1,466,357)	(1,297,774)
ҚАРЖЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТ			
Жарналарға теңестірілген жарналар мен тұрақсыздық айыпақының түсуі	10	335,482	300,223
Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу бойынша төлем	10	(14,615)	(18,389)
Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және (немесе) жерлеуге жұмсалған шығындарды өтеу бойынша төлем	10	30	—
Кепілдік төлемдері	10	—	(159,008)
Кепілдік төлемдерді өтеу	10	—	159,008
Бұрын сатып алынған акцияларды сату		29,709	168,232
Акцияларды сатып алу	12	(11,520)	—
Қаржылық қызметтен түскен ақшаның таза қозғалысы		339,086	450,065

Ескертпе	31.12.2021 аяқталған жылға	31.12.2020 аяқталған жылға
Таза жиынтық ақша қозғалысы	(384,850)	(806,706)
Ақша айырбастау бағамының өзгеруінің әсері	(4,648)	(8,164)
Жыл басындағы ақша	532,523	1,348,126
Ақшаның және оның баламаларының құнсыздануы бойынша резервтің өзгеруі	733	(733)
Жыл соңындағы ақша	143,758	532,523

Осы қаржылық есептілікте: «31 желтоқсанға» деген сөздер 31 желтоқсандағы Алматы уақыты бойынша сағат 24.00-дегі сәтті білдіреді, сандарды бөлгіштер ретінде үтірлер, ал ондық бөлгіштер ретінде – нүктелер қолданылады, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша есепті жылдың барлық ақшалай мәндері мың теңгеге дейін дөңгелектелген; бұл ретте басқа мәндерді қосу нәтижесін білдіретін дөңгелектелген мән дөңгелектелген қосындылар мәндерінің сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Аталған қаржылық есептіліктің 13-79 беттерінде берілген ескертпелер аталған есептердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы қаржылық есептілік Қор басшылығының атынан 2022 жылғы 24 наурызда шығаруға бекітілді және қол қойылды.

Басқарма Төрағасы



Джолдасбеков А.



Бас бухгалтер



Пичитаева А.



«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» АҚ

2021 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл іші
капиталдағы өзгерістер туралы есеп

(мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

Ескертпе	Жарғылық капитал	Сатып алынған меншікті акциялар	Резервтік капитал	Қаржы активтерін қайта бағалау резерві*	Эмиссиялық кіріс	Бөлінбеген кіріс (жабылмаған шығын)	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға	500,000	(190,301)	5,055,388	12,245	—	576,904	5,954,236
Жалпы жиынтық кіріс	—	—	—	(36,149)	—	1,269,219	1,233,070
Бұрын сатып алынған акцияларды сату	—	89,724	—	—	78,509	—	168,233
СТКР ЖСК, СТКР ӨСК, ЗӨР қалыптастыру	10	—	—	—	—	(1,405,103)	(1,405,103)
2020 жылғы 31 желтоқсанға	500,000	(100,577)	5,055,388	(23,905)	78,509	441,020	5,950,435
Жалпы жиынтық кіріс	—	—	—	38,069	—	1,205,748	1,243,817
Акцияларды сатып алу	12	—	(11,520)	—	—	—	(11,520)
Бұрын сатып алынған акцияларды сату	—	13,897	—	—	15,812	—	29,709
СТКР ЖСК, СТКР ӨСК, ЗӨР қалыптастыру	10	—	—	—	—	(1,040,860)	(1,040,860)
2021 жылғы 31 желтоқсанға	500,000	(98,200)	5,055,388	14,165	94,321	605,908	6,171,581

* Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құнымен бағаланатын қаржы активтерін қайта бағалау резерві өзгерісінің және осындай активтер бойынша залалға резерв өзгерісінің жиынтық мөлшері.

Осы қаржылық есептілікте: «31 желтоқсанға» деген сөздер 31 желтоқсандағы Алматы уақыты бойынша сағат 24.00-дегі сәтті білдіреді, сандарды бөлгіштер ретінде үтірлер, ал ондық бөлгіштер ретінде – нүктелер қолданылады, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша есепті жылдың барлық ақшалай мәндері мың теңгеге дейін дөңгелектелген; бұл ретте басқа мәндерді қосу нәтижесін білдіретін дөңгелектелген мән дөңгелектелген қосындылар мәндерінің сомасына сәйкес келмеуі мүмкін.

Аталған қаржылық есептіліктің 13-79 беттерінде берілген ескертпелер аталған есептердің ажырамас бөлігі болып табылады.

Осы қаржылық есептілік Қор басшылығының атынан 2022 жылғы 24 наурызда шығаруға бекітілді және қол қойылды.

Басқарма Төрағасы

Джолдасбеков А.



Бас бухгалтер

Пичитаева А.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР

а. Ұйым және қызметі

«Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – **Қор**) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға. Қор өз қызметін «Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру қоры туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 3 маусымдағы № 423-ІІ Заңының (бұдан әрі – **Қор туралы Заң**) және Қор жарғысының негізінде жүзеге асырады. Қор туралы Заңға сәйкес Қор коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қорды мемлекеттік тіркеуді Алматы қаласының Әділет департаменті 2003 жылғы 14 тамызда жүзеге асырды, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы куәліктің нөмірі – 57331-1910-АО, КҰҚЖ коды – 40062695. Қор салық төлеуші ретінде Алматы қаласының Салық комитетімен 2003 жылдың 21 тамызында тіркелді, салық төлеушінің куәлігі – 60 серия, №0011852. Қордың бизнес-сәйкестендіру нөмірі (БСН) – 030840002921.

Қордың негізгі кеңсесі тіркелген және мына мекен-жайы бойынша орналасқан: Қазақстан, 050042, Алматы қ., Рысқұлбеков к-сі, 28/7.

Қор туралы заңда сақтандыру ұйымдарының Қорға міндетті қатысуы көзделген сақтандырудың кепілдік берілетін түрлері мен сыныптарына мыналар жатады:

- көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестеде – **КҚИ АҚЖМС**).
- тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестеде – **ТЖ АҚЖМС**).
- туристті міндетті сақтандыру (бұдан әрі кестеде – **ТМС**)
- «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру (бұдан әрі кестеде – **ПА**)
- «қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру (бұдан әрі кестеде – **ҚЖОМС**)

Сақтандыруға міндетті түрлер бойынша кепілдік беруде Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асырған СТКЖ қатысушысы⁵ мәжбүрлеп таратылған жағдайда (осындай тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап) мынадай міндеттемелерді өзіне қабылдайды:

- Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және жағдайларда СТКЖ қатысушы сақтандыру ұйымына берілетін, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының сақтандыру портфелін төлеу;

⁵ Осы жерде және бұдан әрі осы қаржылық есептілікте СТКЖ қатысушылары сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын сақтандыру ұйымдары мен шетелдік сақтандыру ұйымдарының филиалдары деп түсініледі.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР (жалғасы)

- «Сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен осы СТКЖ қатысушысының сақтандыру портфелі берілген (қабылданған) күнге дейін осы СТКЖ қатысушысының сақтандыру шарттары бойынша заңсыз бас тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмаған сақтандыру шарттары бойынша басталған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша осы СТКЖ қатысушысының кредиторларына⁶ кепілдік төлемдерін жүзеге асыру.

Аннуитеттік сақтандыруға кепілдік беру шеңберінде Қор уәкілетті органның⁷ СТКЖ қатысушысын лицензиясынан айыру туралы шешім қабылдаған жағдайда, оны:

- уәкілетті орган аталған шешімді қабылдау негізі бойынша уақытша әкімшілікті тағайындаған күннен бастап және осы СТКЖ қатысушысының сақтандыру портфелін «өмірді сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беру сәтіне дейін осы СТКЖ қатысушысымен жасалған қолданыстағы аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудың үздіксіздігі мен уақтылығы;
- уақытша әкімшіліктің сақтандыру портфелін "өмірді сақтандыру" саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымына беруі мүмкін болмаған кезде және заңды тұлғаның (жұмыс берушінің) қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде қызметкердің кәсіби еңбекке жарамдылығын жоғалту дәрежесін белгілеген не ұзартқан (қайта куәландырған) жағдайда жасалған аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша сақтандыру сыйлықақысын төлеудің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

2008 жылғы қазаннан бастап Қор кепілдік берілген сақтандыру түрлері мен сыныптары бойынша төлемдерді жүзеге асырудан басқа, Қор туралы заңда көзделген жағдайларда жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырады. Қор қызметінің тәжірибесінде мұндай төлемдер кейде «қосымша функциялы төлемдер» деп аталады, өйткені мұндай төлемдерді жүзеге асыру «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне міндетті сақтандыру түрлері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 07 мамырдағы №244-III Заңымен Қор туралы Заңға енгізілген түзетулерге сәйкес Қордың функцияларының қатарына енгізілді.

⁶ Қор туралы заңға сәйкес несие беруші – «Сақтандыру жағдайы басталған кезде Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын, таратылатын сақтандыру ұйымының аннуитеттік сақтандыру шарты бойынша Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын, кепілдік беру қоры кепілдік беретін Қазақстан Республикасының бейрезиденті-сақтандыру ұйымы филиалының қызметін мәжбүрлеп тоқтататын, мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының міндетті сақтандыру шарты бойынша кепілдік төлемін алуға құқығы бар сақтанушы (сақтандырылушы, пайда алушы); сақтандыру төлемдерін не өзге тұлға, жәбірленушіге (зиянды өтетуге құқығы бар адамға) келтірілген зиянды сақтандыру шартында және Қазақстан Республикасының заңында белгіленген сақтандырушы жауапкершілігінің көлемі шегінде өтеген және сақтандыру төлеміне құқық алған сақтанушы».

⁷ Қор туралы Заңға сәйкес қорға қатысты уәкілетті орган – қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын мемлекет тарапынан реттеуді, бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын, мемлекеттік орган болып табылады; 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап осы орган Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі болып табылады.

1. ЖАЛПЫ МӘЛІМЕТТЕР (жалғасы)

Қор туралы Заңға сәйкес Қордың негізгі міндеттері:

- кредиторлардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау
- Қор туралы заңда көзделген жағдайларда көлік оқиғасы нәтижесінде өзге тұлға өміріне, денсаулығына зиян келтірген тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету
- Қор туралы Заңда және уәкілетті органның нормативтік құқықтық актілерінде айқындалған тәртіппен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесінің жұмыс істеуін және дамуын қамтамасыз ету

Негізгі міндеттерді орындау үшін Қор мынадай функцияларды жүзеге асырады:

- Қор туралы Заңға сәйкес кепілдік төлемдерді жүзеге асыру
- Қазақстан Республикасының сақтандыру және сақтандыру қызметі туралы заңнамасында көзделген тәртіппен және шарттарда басқа сақтандыру ұйымына берілетін мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфеліне ақы төлеу
- міндетті және төтенше, бастапқы біржолғы және қосымша СТКЖ қатысушыларының жарналарын тарту
- Қор туралы Заңға сәйкес жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асыру
- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен инвестициялық қызметті жүзеге асыру

2021 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қорда 12 адам жұмыс істеді (2020 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша: 10 адам).

б. Қазақстан Республикасында шаруашылық қызметті жүзеге асыру шарттары

Қордың қызметі Қазақстанда жүзеге асырылады. Сәйкесінше, Қордың қызметіне дамушы нарықтың ерекшеліктері тән Қазақстан экономикасы мен қаржы нарықтары әсер етеді. Елдің құқықтық, салық және әкімшілік жүйелері дамуын жалғастыруда, алайда олардың талаптарын түсіндірудің екіұштылық тәуекелімен ұштасады, олар да жиі өзгерістерге ұшырайды, бұл басқа да заңдық және фискалдық кедергілермен бірге Қазақстанда бизнес жүргізетін кәсіпорындар үшін қосымша мәселелер туғызады. Сонымен қатар, 2020 және 2021 жылдар COVID-19 коронавирустық инфекциясының өршуінен туындаған әлемдік нарықтағы айтарлықтай тұрақсыздыққа байланысты болды. Басқа факторлармен бірге бұл мұнай бағасының және қор индекстерінің күрт төмендеуіне алып келді, сондай-ақ қазақстандық теңгенің құнсыздануын күшейтті. Бұл оқиғалар Қазақстандағы шаруашылық қызметті жүзеге асыру жағдайларының белгісіздігі деңгейін одан әрі арттырады.

Осы қаржылық есептілік Қордың Басқарма мүшелері мен бас бухгалтерінің (бұдан әрі бірлесіп – **Қор басшылығы немесе басшылық**) Қазақстандағы экономикалық жағдайлары Қордың қызметі мен қаржылық жағдайына әсерін бағалауын көрсетеді. Болашақ экономикалық жағдайлар басшылықты бағалаудан өзгеше болуы мүмкін.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ

а. Ұсыну негізі

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес (бұдан әрі – **ХҚЕС жөніндегі кеңес**) жариялаған редакцияда ХҚЕС-ке⁸ сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілік бастапқы құны бойынша есепке алу қағидатын негізге ала отырып дайындалды.

б. Үздіксіздік принципі

Осы қаржылық есептілік Қор қызметінің үздіксіздігі туралы жорамалдау негізінде дайындалды, ол Қордың активтерін іске асыруды және әдеттегі қызмет барысында оның міндеттемелерін реттеуді көздейді.

с. Функционалдық валюта

Осы қаржылық есептілік Қордың функционалдық валютасы және осы қаржылық есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен (бұдан әрі – **теңге**) ұсынылды. Осы қаржылық есептілікте есепті жылдың барлық ақшалай мәндері, оның ішінде басқа мәндердің сомаларын білдіретін, егер өзгеше көрсетілмесе, математикалық дөңгелектеу қағидалары бойынша мың теңгеге дейін дөңгелектелген. Бұл жағдайда басқа мәндерді қосу нәтижесі болып табылатын дөңгелектелген мән дөңгелектелген мәндер терминдерінің қосындысына сәйкес келмеуі мүмкін. Біз дөңгелектеу қажет болған жағдайлар туралы айтып отырмыз, мысалы, 1600, 1800 және 3400 мәндері, бұл 1600 және 1800 қосу нәтижесі. Осы қаржылық есептілікте дөңгелектенгеннен кейін осы мәндердің алғашқы екеуі 2 және 2, ал соңғысы 3, бірақ 4 емес.

д. Шетел валютасындағы операциялар мен қалдықтар

Шетел валютасындағы операциялардың сомалары операцияларды жүзеге асыру күніне айырбастау бағамдарын пайдалана отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Осындай операцияларды жүзеге асыру нәтижесінде және шетел валюталарында көрсетілген активтер мен міндеттемелердің монетарлық баптары бойынша қалдықтарды есепті күнгі айырбастау бағамдары бойынша функционалдық валютаға қайта есептеуден туындайтын бағамдық айырмадағы Қордың кірістері мен залалдары жиынтық кіріс туралы есепте танылған.

Шетел валютасында тарихи құн негізінде бағаланатын активтер мен міндеттемелердің монетарлық емес баптары бойынша қалдықтар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған айырбастау бағамдары бойынша теңгемен қайта есептеледі. Шетел валюталарында әділ құны бойынша бағаланатын активтер мен міндеттемелердің монетарлық емес баптары бойынша қалдықтардың әділ құны айқындалған күні қолданыста болған айырбастау бағамдары бойынша теңгемен қайта есептеледі.

⁸ Осы жерде және бұдан әрі «ХҚЕС» аббревиатурасы халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын немесе егер контекстен туындайтын болса, қандай да бір халықаралық қаржылық есептілік стандартын білдіреді (белгіленеді).

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**е. Валюта бағамдары**

Қор өзінің есебінде Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 тамыздағы №242 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық валютасының шетел валюталарына ресми бағамын белгілеу қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілейтін теңгенің шетел валюталарына ресми бағамдарын айырбастау бағамдары ретінде пайдаланады. Осы Қағидаларға сәйкес «Нұр-сұлтан қаласының уақытымен сағат 15-30-дағы жағдай бойынша қалыптасқан орташа өлшемді биржалық бағамы Ұлттық валютаның АҚШ долларына сауда-саттық өткізілген күннен кейінгі келесі жұмыс күніндегі ресми бағамы ретінде белгіленеді».

Теңгенің шетел валютасына келесі ресми бағамдары осы қаржылық есептілікті дайындау кезінде пайдаланылды.

(теңге)

	31.12.2021 ж.	31.12.2020 ж.	Жыл ішіндегі өзгеріс	
			теңге	%
АҚШ доллары	431.67	420.71	+10.96	+2.6

ф. Ақша және оның баламалары

Ақша және оның баламалары Қордың банктік шоттарындағы ақшаны және Қор өз қызметі процесінде, атап айтқанда, өтімділікті басқару тәсілдерінің бірі ретінде жүзеге асыратын кері репо операциялары бойынша талаптарын қамтиды. Кері репо операцияларын жүзеге асырудың өзіне Қордың инвестициялық қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде жол беріледі (толығырақ осы қаржылық есептілікке 20а-ескертпені қараңыз).

Қазақстан Республикасының заңнамасы⁹ репо операциясын екі бірдей тұлға (репо операциясына қатысушылар) тараптары болып табылатын, репо операциясының нысанасы болып табылатын бір шығарылымның бағалы қағаздарымен бір мезгілде жасалатын, орындау мерзімдері бойынша ерекшеленетін және бір-біріне бағыты бойынша қарама-қарсы екі мәміленің жиынтығы ретінде айқындайды.

Қазақстандық практикада репо операциялары тікелей репо операциялары (тікелей репо) және кері репо операциялары болып бөлінеді. «Қазақстан қор биржасы» АҚ-ның «ASTS+ сауда-клирингтік жүйесінде репо операцияларын жүзеге асыру қағидалары» деген ішкі құжаты жеке тұлғаға қатысты кері репо операциясы репо операциясы болып табылатынын айқындайды, оны жүзеге асыру кезінде осы тұлға репо операциясының нысанасын кейіннен кері сату міндеттемесінің шарттарында сатып алады.

⁹ Эмиссиялық бағалы қағаздармен мәмілелерді тіркеу, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде эмиссиялық бағалы қағаздар бойынша эмитенттердің міндеттемелері бойынша талап ету құқықтарын басқаға беру, Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде және/немесе номиналды ұстауды есепке алу жүйесінде тіркелген тұлғаның жеке шотынан үзінді көшірме беру және номиналды ұстаушының Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2014 жылғы 22 қазандағы № 210 қаулысымен бекітілген Орталық депозитарийдің және эмитенттің талап етуі бойынша оның номиналды ұстауындағы бағалы қағаздары бар клиенттер туралы ақпарат беру қағидалары.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қордың бухгалтерлік есебінде кері репо операциялары ақшаның баламасы ретінде жіктеледі және міндеттемелері бағалы қағаздар немесе өзге активтер кепілімен қамтамасыз етілген депозитте орналастырылған баламалы ақша ретінде көрсетіледі.

Қор кері репо операцияларын әдеттегі нарықтық практикаға сәйкес жүзеге асырады. Бұл ретте, Қазақстан Республикасының жоғарыда аталған нормативтік құқықтық актілері Қордың кері репо операцияларын тек қана автоматты тәсілмен («Қазақстан қор биржасы» АҚ терминологиясына сәйкес) жүзеге асыруын талап етеді және осындай операциялардың кез келген мерзімін 30 күнмен шектейді.

Кері репо операцияларының нысанасы ретінде пайдаланылатын бағалы қағаздар Қорға осы бағалы қағаздарға меншік құқығына байланысты тәуекелдер мен пайдалар берілген жағдайда ғана қордың бухгалтерлік есебінде танылады.

г. Қаржы құралдары

Қор қаржылық активті немесе қаржылық міндеттемені 9 (IFRS) «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ке сәйкес қаржы құралы ретінде, яғни Қор осы құралдың талаптарын айқындайтын шарт бойынша тарап болған кезде ғана таниды.

Тану және бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын жіктеу шарттық талаптарға және құралдарды басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге байланысты болады. Қаржы құралдары қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер ПЗӘҚ бойынша бағаланатын жағдайлардан басқа, мәміле бойынша шығындарды қоса алғанда, Қор әділ құн бойынша бағаланады. Егер қаржы құралдарының әділ құны бастапқы тану кезінде мәміле бағасынан өзгеше болса, Қор төменде сипатталғандай бірінші күннің пайдасын немесе залалын ескереді.

Қор барлық қаржы активтерін 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес қаржы активтерін басқару үшін пайдаланылатын бизнес-модельге және мәміле шарттарына сүйене отырып, мынадай санаттар бойынша жіктейді:

- амортизацияланған құны бойынша бағаланатын
- өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын

Қаржы активтері, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталса, Қордың амортизацияланған құны бойынша бағалайтын қаржы активтері санатына жатады, бұл ретте ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздық сыйақының есебіне ғана төлемдер болып табылады. Қор ҚР ҚМ¹⁰ облигацияларын және ҚРҰБ¹¹ қысқа мерзімді ноттарын амортизацияланған құны бойынша бағалайды. Бұдан басқа, қаржылық есептілікті жасау кезінде Қор амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржы активтерінің қатарына ақша мен оның баламаларын (кері репо операциялары бойынша талаптарды қоса алғанда), банктік депозиттерді қосады.

¹⁰ Осы жерде және бұдан әрі "ҚР ҚМ" қысқармасы Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі болып белгіленеді.

¹¹ Осы жерде және бұдан әрі "ҚРҰБ" қысқармасы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі болып белгіленеді.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қаржы активтері, егер олар шартта көзделген ақша ағындарын алу үшін де, қаржы активтерін сату үшін де қаржы активтерін ұстап қалу мақсаты болып табылатын бизнес-модель шеңберінде ұсталса, өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері санатына жатады, бұл ретте ақша ағындары борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздық сыйақының есебіне ғана төлемдер болып табылады. Осы санатта қаржы активін тану немесе қайта жіктеу тоқтатылған кезге дейін активке жататын пайда немесе шығын, құнсызданудан және пайдадан және валюта бағамдарының өзгеруінен болатын пайдадан немесе шығыннан болатын шығындарды қоспағанда, өзге жиынтық табыстың құрамында танылады. Осындай активтердің әділ құнының өзгеруінен пайда мен шығындар оларды тану тоқтатылған жағдайда Қордың кірістері мен шығыстарының құрамына қайта жіктеледі. Қор амортизацияланған құны бойынша бағаланбайтын қаржылық активтерді, атап айтқанда корпоративтік облигацияларды басқа жиынтық кіріс арқылы әділ құн бойынша бағалайды.

Қор алғаш рет аталған бизнес-модельдерді 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданды, содан кейін оларды тану көрсетілген күнгі жағдай бойынша тоқтатылмаған қаржы активтеріне ретроспективті түрде қолданды.

Қор өзінің инвестициялық портфельдерінің құрамына кіретін қаржы құралдарына қатысты Қордың ниетін айқындау туралы 2019 жылғы 1 қарашадағы инвестициялық комитетінің шешіміне сәйкес қаржы активтерін жіктеуді жүзеге асырды. Қаржы активтерін жіктеу туралы өзінің инвестициялық комитетіне ұсыныстар дайындау кезінде Қор SPPI тестін («solely payments of principal and interests» – «тек қана борыштың және пайыздық сыйақының негізгі сомасы есебіне төлемдер») және қаржы активтеріне қатысты бизнес-модельдерді айқындауға арналған алгоритмді пайдаланды.

Қандай да бір қаржы активі қайта жіктелген жағдайда осы актив сияқты шығару, айналым, өтеу шарттары (егер қарастырылса) бар барлық өзге қаржы активтері де қайта жіктеуге жатады.

Қаржылық міндеттемелерді әдепкі бойынша Қор ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» тікелей белгілеген жағдайларды қоспағанда, амортизацияланған құны бойынша бағаланатын ретінде жіктейді, бұл кезде қаржылық міндеттемелер кіріс немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде жіктелуге тиіс.

Тануды тоқтату

Қордың есеп саясаты мынадай кез келген себептер бойынша шартқа сәйкес Қордың осы объектіден ақша ағынына құқықтары тоқтатылған сәттен бастап Қор қандай да бір объектіні қаржы активі ретінде тануды тоқтататынын белгілейді:

- осы құқықтардың мерзімі
- осы объектіні қаржылық актив ретінде тануды тоқтату үшін 9 «Қаржы құралдары» ХҚЕС (IFRS) талаптарына сәйкес келетін осы объектіні басқа тұлғаға беру
- Қорды осы құқықтардан айыру туралы сот шешімінің заңды күшіне енуі
- осы объект бойынша барлық міндеттемелерді орындамау («толық дефолт»)

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

- осы объект бойынша міндеттемелер алған заңды тұлғаны таратуды аяқтау

Қор қаржылық міндеттеме орындалған, күші жойылған не оның қолданылу мерзімі өткен кезде оны тануды тоқтатады. Бұл ретте қаржылық міндеттеме сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемемен айтарлықтай ерекшеленетін шарттармен ауыстырылған немесе қолданыстағы қаржылық міндеттеменің шарттары елеулі түрде өзгерген жағдайларда, мұндай ауыстыруды (мұндай өзгерісті) Қор бастапқы қаржылық міндеттемені тануды тоқтату және жаңа қаржылық міндеттемені тану ретінде қарайды, ал жаңа және бастапқы қаржылық міндеттемелердің баланстық құны арасындағы айырманы Қор кіріс немесе шығыс ретінде таниды.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

9 (IFRS) «Қаржы құралдары» ХҚЕС қолдану қаржы активтерінің құнсыздануынан болған шығындарға қатысты Қор пайдаланатын есепке алу тәртібін өзгертті. Осы ХҚЕС Қордың пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарға арналған бағалау резервтерін (провизияларды) көрсетуін талап етеді. Қор көрсетілген провизиялардың өзгерістерін өзінің кірістері немесе құнсызданудан ағымдағы кезеңнің шығыстары ретінде көрсетеді.

Қордың есеп саясатына сәйкес қандай да бір қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік залал провизиясын Қор оның болжамды жұмыс істеуінің 12 ай ішінде осы актив бойынша күтілетін кредиттік залал мөлшерінде қалыптастырады (қаржы активі бастапқы танылған сәттен бастап ол бойынша кредиттік тәуекел едәуір ұлғайған, бұл кезде осы залалға провизияны Қор болжамды жұмыс істеуінің бүкіл мерзімі ішінде осы актив бойынша күтілетін кредиттік залал мөлшерінде қалыптастырады). «Амортизацияланған құны бойынша бағаланатын қаржы активтері» санаты бойынша жіктелген қаржы активі бойынша күтілетін кредиттік залал осы активтің баланстық құнын азайтады.

Қаржы активтері бойынша күтілетін кредиттік шығындарды тану және осындай тануға байланысты өзге де іс-әрекеттерді орындау тәртібі Қордың «күтілетін кредиттік шығындарды тану қағидалары» ішкі құжатымен айқындалады. Аталған құжатқа сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатында Қор Standard&Poor's, Moody's Investors Service, Fitch Ratings агенттіктерінің шәкілдері бойынша қаржы активтеріне немесе олардың эмитенттеріне берілген кредиттік рейтингтерді, сондай-ақ осындай рейтингтерге байланыстырылған дефолт ықтималдығының мәндерін және дефолт (қаржы активтері бойынша міндеттемелерді орындамау) жағдайларында қаржы активтері бойынша күтілетін шығындардың салыстырмалы мөлшерінің мәндерін пайдаланады. Бұл ретте қаржы активтері оларға тән кредиттік тәуекелдердің деңгейлеріне қарай, нөлдік кредиттік тәуекелдерден ең жоғары тәуекелдерге дейін төрт себет бойынша бөлінеді.

Күтілетін кредиттік шығындарды Қор әр тоқсан сайын тоқсан соңындағы жағдай бойынша есептейді.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Әділ құнды анықтау

Есепті күні сауда белсенді нарықта жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құнын Қор мәміле бойынша шығындарды есепке алмай, осы құралдармен жасалған мәмілелер бағасының немесе осы құралдарды сатып алуға өтінімдер бағасының негізінде айқындайды. Басқа қаржы құралдарының әділ құнын қор қолайлы бағалау әдістерін пайдалана отырып, мысалы, таза келтірілген құн негізінде немесе белсенді нарықта бағалары бар ұқсас қаржы құралдарымен салыстыру арқылы айқындайды.

Шетел валютасында номинирленген қаржы активтерінің әділ құны сол шетел валютасында айқындалады және есепті күні қолданыста болған осы шетел валютасына теңгенің ресми бағамы бойынша теңгемен қайта есептеледі. Бұл жағдайда туындайтын бағамдық айырмашылықтар басқа жиынтық кірістерде танылады.

Өзара есепке алу

Қордың қаржылық жағдайы туралы есепте осындай өзара есепке алудың қорытындысын көрсете отырып, Қор қаржы құралдары ретінде таныған қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді өзара есепке алуды 32 (IAS) «Қаржы құралдары: ұсыну» ХҚЕС сәйкес осындай өзара есепке алуды жүргізуді заңды түрде бекітілген құқығы және Қордың нетто-негізде есеп айырысуды жүзеге асыру не қаржылық міндеттемені өтеумен бір мезгілде қаржылық активті іске асыру ниеті болған кезде жүзеге асырады..

h. Дебиторлық берешек

15 (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» ХҚЕС-ке сәйкес, егер осы құқық шартсыз болып табылса, Қор дебиторлық берешек ретінде шарт бойынша өзінің өтеу құқығын таниды. Дебиторлық берешекті есепке алуды Қор 32 (IAS) «Қаржы құралдары: ұсыну» ХҚЕС-ке сәйкес қордың есеп саясатында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып жүргізеді.

Қор дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастыра отырып, оны тану құны бойынша дебиторлық берешекті ескереді.

Дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік шығындарды тану және осындай тануға байланысты өзге де іс-әрекеттерді орындау тәртібі Қордың «күтілетін кредиттік шығындарды тану қағидалары» ішкі құжатымен айқындалады. Аталған құжатқа сәйкес күтілетін кредиттік шығындарды тану мақсатында Қор дебиторлық берешектің пайда болу мерзімдері мен мөлшерін, сондай-ақ дефолт ықтималдығының осындай көрсеткіштеріне байланысты мәндерін және дефолт (дебиторлық берешек бойынша міндеттемелерді орындамау) жағдайларында дебиторлық берешек бойынша күтілетін шығындардың салыстырмалы мөлшерінің мәндерін пайдаланады. Бұл ретте дебиторлық берешек кредиттік тәуекелдердің өзіне тән деңгейіне қарай, нөлдік кредиттік тәуекелдерден ең жоғары тәуекелдерге дейін төрт себет бойынша бөлінеді.

Дебиторлық берешекті есепке алу мақсаты үшін Қор оны «қаржыландырудың маңызды құрамдауышы жоқ шарт бойынша дебиторлық берешек» және «қаржыландырудың маңызды құрамдауышы бар шарт бойынша дебиторлық берешек» санаттары бойынша сыныптайды. Қор шартты қаржыландырудың маңызды құрамдауышы жоқ деп айқындайды, егер осы шартты жасау кезінде қолданыста болған, осы Шарттың талаптарына сәйкес ол бойынша дебиторлық берешек ол күшіне енген күннен бастап 12 ай ішінде өтелуге жатады. Бұдан басқа, Қор дебиторлық берешек құрамында СТКЖ қатысушыларының жарналар бойынша берешегін және Қордың регрестік талаптары бойынша берешегін бөледі.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қор қандай да бір жарнаны төлеу бойынша дебиторлық берешекті осы СТКЖ қатысушысының осы жарнаны төлеу және осы жарна мөлшерінде төлеу жөніндегі міндеті туындаған кезде СТКЖ қатысушысымен таниды. СТКЖ қатысушысының жарна төлеу жөніндегі міндеті туындаған Сәт Қазақстан Республикасының заңнамасына және қатысу шартына сәйкес айқындалады. Қор СТКЖ қатысушыларының жарналарды төлеуі бойынша дебиторлық берешекті СТКЖ қатысушылары бөлінісінде де, жарналар түрлері бөлінісінде де ескереді.

Егер бұл Қазақстан Республикасының заңнамасында немесе сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесіне қатысу шартында белгіленсе, қандай да бір жарнаны төлеу бойынша СТКЖ қатысушысының міндетін орындамау немесе уақтылы орындамау қордың пайдасына тұрақсыздық айыбын төлеу бойынша Қордың осы СТКЖ қатысушысына талап қоюы үшін негіз болып табылады.

Қордың регрестік талаптары бойынша берешек «жалпы сақтандыру» саласында қызметті жүзеге асырған мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру ұйымының немесе «өмірді сақтандыру» саласында қызметті жүзеге асырған және уәкілетті органның шешімімен лицензиядан айырылған сақтандыру ұйымының кредиторына кепілдік төлем жүзеге асырылған күннен бастап Қорға сақтандыру шарты бойынша кредитордың талап ету құқығы Қор жүзеге асырған кепілдік төлем көлемінде өтетіндігіне байланысты туындайды. Қорға ауысқан кредитордың талабы, сондай-ақ, Қорға кепілдік төлемді жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен осы сақтандыру ұйымының тарату комиссиясына ұсынады. Қордың сақтандыру ұйымының кредиторларына кепілдік төлемдерін жүзеге асыруға байланысты шығыстарын өтеуді осы сақтандыру ұйымының тарату комиссиясы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (жалпы бөлім) 51-бабында белгіленген кезектілік тәртібімен, осы сақтандыру ұйымының аралық тарату балансына сәйкес, ол бекітілген күннен бастап жүргізеді.

i. Негізгі құралдар

Тану және есепке алу

Қор негізгі құралдардың объектілерін жинақталған тозуды және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, сатып алу құны бойынша есепке алады.

Негізгі құралдар объектісінің құны оны сатып алуға тікелей байланысты шығындарды қамтиды. Қор шаруашылық тәсілмен дайындаған немесе салған негізгі құралдар объектісінің құнына материалдар мен тікелей жұмыс күшінің құны, осы объектіні оны болжамды пайдалану үшін жұмыс жағдайына келтіруге тікелей байланысты кез келген басқа шығындар, сондай-ақ заттарды бөлшектеу және алып тастау және осы объект орналасқан учаскені қалпына келтіру жөніндегі шығыстар және осы объектіні дайындау немесе салу үшін Қор тартқан қарыздар бойынша капиталдандырылған шығындар кіреді. Егер негізгі құралдардың объектісі Қор сатып алған жабдық болса, осы жабдықтың функционалдығын қамтамасыз ету үшін ажырамас қажет бағдарламалық қамтамасыз ету оның құнына капиталдандырылады.

Егер негізгі құралдардың объектісі пайдалы пайдаланудың әртүрлі мерзімі бар жеке құрауыштардан тұрса, олардың әрқайсысы негізгі құралдардың жеке объектісі (маңызды құрауыш) ретінде ескеріледі.

Негізгі құралдар объектісінің істен шығуынан түскен кірістің немесе залалдың кез келген сомасын Қор осы объектінің істен шығуынан түскен түсімді оның баланстық құнымен салыстыру арқылы айқындайды және Қордың таза кірісі немесе залалы құрамындағы «өзге кірістер» немесе «өзге шығыстар» жолы бойынша нетто-түрде танылады.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)**Кейінгі шығындар**

Егер Қордың осы бөлікке байланысты болашақ экономикалық пайда алу ықтималдығы жоғары болып табылса және оның құнын сенімді түрде анықтауға болатын болса, негізгі құралдар объектісінің бір бөлігін (елеулі компонентін) ауыстыруға байланысты шығындар осы объектінің баланстық құнын ұлғайтады. Негізгі құралдар объектісінің ауыстырылған бөлігінің баланстық құны есептен шығарылады. Негізгі құралдар объектілерін ағымдағы жөндеуге және оларға қызмет көрсетуге арналған шығыстар олар туындаған кезде Қордың кірістері мен шығыстарында танылады.

Тозу

Негізгі құралдар объектісінің тозуы осы объектінің пайдалы қызметінің күтілетін мерзімі ішінде тік сызықты әдіс бойынша есептеледі. Негізгі құралдардың пайдалы қызметінің күтілетін мерзімі төменде келтірілген.

Ғимараттар мен құрылыстар
Өзге негізгі құралдар

жыл
50
3–10

Тиімді пайдаланудың күтілетін мерзімдері мен негізгі құралдардың қалдық құнын қор әрбір есепті күнгі жағдай бойынша талдайды.

j. Материалдық емес активтер

Қордың материалдық емес активтері негізінен Қор сатып алған, қызмет ету мерзімі шектеулі бағдарламалық қамтамасыз етуді білдіреді және жинақталған амортизацияны және құнсызданудан болған шығындарды шегере отырып, сатып алу құнын және материалдық емес активтерді мақсаты бойынша пайдалануға дайындауға тікелей қатысты кез келген шығындарды қамтитын құны бойынша ескеріледі.

Материалдық емес активтің тозуы осы активтің пайдалы қызметінің бүкіл мерзімі бойына тік сызықты әдіс бойынша есептеледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет мерзімі төменде келтірілген.

Жалпы мақсаттағы үшінші тараптың операциялық жүйелері мен бағдарламалары
Өзге бағдарламалар

жыл
5
10

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

к. Ұзақ мерзімді активтердің (негізгі құралдар мен материалдық емес активтер) құнсыздануы

Оқиғалар немесе мән-жайлардың өзгеруі ұзақ мерзімді активтердің баланстық құны өтелмейтін болуы мүмкін екендігін айғақтайтын жағдайларда Қор ұзақ мерзімді активтердің баланстық құнына құнсызданудың болуына талдауды жүзеге асырады. Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздану белгілері болған кезде Қор активтердің баланстық құны олардың ұзақ мерзімді өтелетін құнынан асып түсетінін анықтауға мүмкіндік беретін бағалауды орындайды. Мұндай талдау ақша түсімдерінің дербес көздері болып табылмайтын активтерді қоспағанда, әрбір актив үшін жеке жүзеге асырылады. Бұл жағдайда талдау тұтастай алғанда Қор деңгейінде жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді активтің баланстық құны оның өтелетін құнынан асып кеткен жағдайда, Қор осы активті аз құнын көрсету үшін резерв құрады. Шығындарды қалпына келтіру және осы активтің құнсыздануынан болған шығындар Қордың кірістері мен шығыстарында танылады.

Өтелетін соманы есептеу

Ұзақ мерзімді активтің өтелетін құны оны пайдалану құндылығынан және оны өткізуге арналған шығыстар шегеріле отырып, осы активтің әділ құнынан ең үлкен шама ретінде айқындалады. Активті пайдалану құндылығын бағалау кезінде күтілетін болашақ ақша ағындары ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және осы активке тән тәуекелдерді көрсететін салықтарды шегергенге дейін дисконттау ставкасын қолдана отырып, олардың ағымдағы құнына дейін дисконтталады. Ақша түсімдерінің жеке деректері болып табылмайтын ұзақ мерзімді активтердің өтелетін құны тұтастай алғанда Қордың өтелетін құнының құрамында айқындалады.

Құнсызданудан болған шығындарды қалпына келтіру

Ұзақ мерзімді активтің құнсыздануынан бұрын танылған залал, егер осы активтің өтелетін құнын айқындау үшін пайдаланылатын бағалауларда өзгерістер болған жағдайда, қалпына келтірілуге жатады. Ұзақ мерзімді активтің құнсыздануынан болатын шығын, егер осы активтің құнсыздануынан болатын шығын танылмаған жағдайда айқындалған оның баланстық құнынан (тозуды немесе амортизацияны шегергенде) аспайтын дәрежеде ғана қалпына келтіріледі.

І. Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері, зиянды өтеу резерві

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері мыналарды қамтиды:

- «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві (оған көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша, тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша СТКЖ қатысушыларының міндетті жарналары, сондай-ақ, «жалпы сақтандыру» саласында қызметті жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылары төлейтін туристі міндетті сақтандыру бойынша міндетті жарналар түседі);
- «өмірді сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві («Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» және «қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүзеге асырылатын аннуитеттік сақтандыру бойынша СТКЖ қатысушыларының міндетті жарналары, сондай-ақ «өмірді сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылары төлейтін туристі міндетті сақтандыру бойынша міндетті жарналар түседі).

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қор туралы Заңға сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері міндетті жарналар, оларды инвестициялаудан алынған табыстар (залалдар) (Қордың комиссиялық сыйақысын шегергенде), сондай-ақ Қордың талаптарын қанағаттандыру тәртібімен мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдарынан Қор алған ақша есебінен қалыптастырылады. Бұдан басқа, Қордың есеп саясатына сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві СТКЖ қатысушылары төлеген тұрақсыздық айыпақы есебінен қалыптастырылады (толығырақ ақпаратты төменде қараңыз).

Сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері басталған сақтандыру жағдайлары бойынша кепілдік төлемдерді жүзеге асыру үшін пайдаланылады. Кепілдік төлемдерді жүзеге асыру және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының әрекет етуші қатысушысына берілетін сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының сақтандыру портфелін төлеу үшін сақтандыру төлемдеріне кепілдік берудің қандай да бір резерві жеткіліксіз болған жағдайда, Қор СТКЖ тиісті қатысушылардың төтенше жарналарын тартады, ал сақталып отырған жетіспеушілік жағдайында өзінің меншікті капиталын (сақтандырудың қандай саласы бойынша кепілдік берілетініне байланысты) ішінара пайдаланады және ҚҰБ-ның, Қазақстан Республикасы Үкіметінің, өзге де ұйымдардың қарыздарын тартады. Бұл ретте қордың кепілдік төлемдерін жүзеге асыру жөніндегі және мәжбүрлеп таратылатын сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының әрекет етуші СТКЖ қатысушысына берілетін сақтандыру портфелін төлеу жөніндегі шығыстары олардың шартты міндеттемелері шегінде СТКЖ қатысушыларының төтенше жарналары есебінен өтелуге жатады.

Бұдан басқа, «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резерві жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе зиянды өтеу резерві жеткіліксіз болған жағдайда жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу жөніндегі төлемдерді жүзеге асыру қажет болған кезде пайдаланылуы мүмкін. Осылайша пайдаланылған «жалпы сақтандыру» саласы бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервін қалпына келтіру үшін Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асыратын СТКЖ қатысушыларының төтенше жарналарын тартады.

Зиянды өтеу резерві

Қор туралы Заңға сәйкес зиянды өтеу резерві бастапқы біржолғы және қосымша жарналар, оларды инвестициялаудан алынған кірістер (залалдар) есебінен (Қордың комиссиялық сыйақысын шегергенде) қалыптастырылады. Бұдан басқа, Қордың есеп саясатына сәйкес зиянды өтеу резерві СТКЖ қатысушылары төлеген тұрақсыздық айыпақы есебінен қалыптастырылады (толығырақ ақпаратты төменде қараңыз).

Көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін міндетті сақтандыру бойынша «жалпы сақтандыру» саласындағы қызметті жүзеге асыратын СТКЖ қатысушылары ғана бастапқы біржолғы және қосымша жарналарды төлеушілер болып табылады.

Жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшері мен мөлшерлемесі

Зиянды өтеу резервін қалыптастыру үшін бастапқы біржолғы жарналардың мөлшерін уәкілетті орган белгілейді.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Міндетті және шартты міндеттемелердің мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың мөлшерлемелерін (мөлшерін) 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 387 ҚҰБ Басқармасының қаулысымен ¹² бекітілген «міндетті, қосымша жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемесін есептеу әдістемесі, міндетті, қосымша және төтенше жарналарды төлеу тәртібі мен мерзімдері, сақтандыру төлемдерінің кепілдік беру қорына қатысушы сақтандыру ұйымдарының шартты міндеттемелерді қалыптастыру және есепке алу тәртібі» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісіне сәйкес Қордың Директорлар кеңесі бекітеді.

Аталған нормативтік құқықтық актіге сәйкес міндетті жарналардың базалық мөлшерлемесін, қосымша жарналар мөлшерлемесін, шартты міндеттемелер мөлшерлемесін есептеу формулаларын Қордың Директорлар кеңесі бекітеді. Бұл ретте міндетті жарнаның базалық мөлшерлемесін есептеу формулалары, шартты міндеттемелер мөлшерлемелері әрбір үш жыл сайын қайта қаралуға жатады.

Міндетті жарналардың базалық мөлшерлемесінен басқа, Қордың Директорлар кеңесі осы қатысушының қаржылық жағдайын сипаттайтын көрсеткіштердің мәндерін негізге ала отырып, міндетті жарнаның әрбір қатысушысы үшін міндетті жарнаның жеке мөлшерлемесін бекітеді. Осы ставканы есептеу шарттары мен тәртібіне қойылатын талаптар да аталған нормативтік құқықтық актімен белгіленген.

СТКЖ қатысушылары үшін міндетті жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін айқындау шарттары мен тәртібі Қордың Директорлар кеңесінің 2021 жылғы наурыздағы шешімімен бекітілген «міндетті жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін есептеу қағидалары» Қордың ішкі құжатымен айқындалған. Аталған құжаттың құрамдас бөлігі аталған құжатты бекіту және оған түзетулер енгізуде Қордың Директорлар кеңесінің шешімдерімен бекітілетін міндетті жарналар мен шартты міндеттемелердің мөлшерлемелерін, қосымша жарналардың абсолюттік мөлшерлерін есептеу формулалары болып табылады.

Қор СТКЖ қатысушыларының жарналарын есептеу қағидаты бойынша ескереді.

Инвестициялық кіріс Қор резервтерін қалыптастыру көзі ретінде¹³

Қордың есеп саясатына сәйкес сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялаудан алынған кірістер (залалдар) осындай кірістердің (залалдардың) алынуына қарай осы резервтерді ұлғайтуға немесе азайтуға (Қазақстан Республикасының салық заңнамасының және Қазақстан Республикасының бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы заңнамасының нормаларын ықтимал түрде сақтамауын болдырмау үшін) жіберіледі), ал Қор акционерлерінің жалпы жиналысының шешімдеріне сәйкес, бұл Қор туралы заңға қайшы келмейді.

¹² Нормативтік құқықтық актінің тақырыбы Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 14 маусымдағы № 70 қаулысымен редакцияда берілген. (2021 жылғы 23 маусымнан бастап қолданысқа енгізілді).

¹³ Осы жерде және одан әрі түпмәтінге байланысты «Қор резервтері» немесе «резервтер» деген сөздермен сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтері және жалпы немесе ішінара жиынтықтағы зиянды өтеу резерві бірлесіп белгіленген.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Қор акционерлерінің жалпы жиналысы сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерінің және зиянды өтеу резервінің қаражатын инвестициялаудан алынған кірістерді (залалдарды) осы резервтерді ұлғайту немесе азайту туралы шешім қабылдай отырып, Қор осы кірістерден ұстап қалатын комиссиялық сыйақы¹⁴ мөлшерін Қор туралы заңға және заңға тәуелді ережелерге сәйкес¹⁵ анықтайды.

Айыпақылар Қор резервтерін қалыптастыру көзі ретінде

Қордың есеп саясаты өзінің бухгалтерлік есебінде және басқарушылық есебінде Қор жарналарды төлеу жөніндегі өз міндеттерін орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін СТЖК қатысушыларынан алған айыпақысын Қордың кірістері ретінде емес, СТЖК қатысушыларының жарналары ретінде қарайтынын және ескеретінін белгілейді. Тиісінше, қор олардың жарналарды төлеу жөніндегі міндеттерін орындамағаны немесе уақтылы орындамағаны үшін СТЖК қатысушыларынан алған айыпақысын сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру резервтерін, айыпақыны алуына қарай зиянды өтеу резервін қалыптастыруға жібереді.

м. Сақтандырудың міндетті түрлері бойынша кепілдік төлемдер

Қор «жалпы сақтандыру» саласында қызметін жүзеге асырған СТКЖ қатысушысын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі күшіне енген жағдайда кредиторларға кепілдік төлемдерін жүзеге асырады:

- заңсыз түрде бас тартқан (толық немесе ішінара) не сақтандыру төлемін толық көлемде жүзеге асырмаған сақтандыру шарттары бойынша осы СТКЖ қатысушысын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енгенге дейінгі кезеңде басталған барлық сақтандыру жағдайлары бойынша.
- осы СТКЖ қатысушысын мәжбүрлеп тарату туралы сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап «ақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен СТКЖ қазіргі қатысушысына оның сақтандыру портфелін беру (қабылдау) күніне дейінгі кезеңде басталған сақтандыру жағдайлары бойынша.

Кепілдік төлемімен моральдық залал, кредитордың жіберіп алған пайдасы, сақтандыру шарты бойынша тұрақсыздық айыбы және мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысынан сот тәртібімен бұрын өндіріп алынған өзге де шығыстар өтелмейді.

Қор туралы Заңға сәйкес мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторы қолданыстағы СТКЖ қатысушысына сақтандыру төлемін алуға өтініш білдірген жағдайларда, Қор СТКЖ қатысушылардың екінші рет сақтандыру төлемін жүзеге асыруға байланысты шығыстарын, бүлінген мүлікке бағалау жүргізуге арналған шығыстарды қоса алғанда, нақты шығыстар мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің жеті еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде өтейді.

¹⁴ Осы қаржылық есептілікте Қордың комиссиялық сыйақысы «Қордың комиссиясы» деген сөздермен де белгіленеді.

¹⁵ Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы № 199 қаулысымен бекітілген «Комиссиялық сыйақыны өндіріп алу қағидалары» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актісі.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының кредиторына кепілдік төлем жүзеге асырылған күннен бастап Қорға жүзеге асырылған кепілдік төлем көлемінде сақтандыру шарты бойынша кредитордың талап ету құқығы ауысады. Кредитордың ауысқан талап ету құқығын, сондай-ақ кепілдік төлемді жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен мәжбүрлеп таратылатын СТКЖ қатысушысының тарату комиссиясына қояды.

п. Сақтандырудың кепілдік берілген аннуитеттік сыныптары бойынша кепілдік төлемдер

Кепілдік төлемді жүзеге асыру бойынша уақытша әкімшілік Қорға кепілдіктер берілетін аннуитеттік сақтандыру шарттарының тізілімін берген күннен бастап екі жұмыс күні өткен соң – СТКЖ қатысушысы таратылатын уәкілетті орган «өмірді сақтандыру» саласы бойынша лицензиясы бар басқа сақтандыру ұйымына берілген күнге дейін қолданылады:

- уәкілетті орган осы СТКЖ қатысушысының уақытша әкімшілігін тағайындаған сәтте әрекет ететін аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша уәкілетті органның осы СТКЖ қатысушыны лицензиядан айыру туралы шешімін қабылдау негізі бойынша
- жұмыс беруші заңды тұлғаның қызметі тоқтатылған (таратылған) кезде (уәкілетті орган уақытша әкімшілікті тағайындаған күннен бастап) осы СТКЖ қатысушысының уақытша әкімшілігінің ммжс қатысушысына сақтандыру портфелін беру мүмкін болмаған кезде қызметкерлердің кәсіптік еңбекке қабілеттілігінен айрылу дәрежесін белгілеуге немесе ұзартуға (қайта кұәландыруға) байланысты жасалған аннуитеттік сақтандыру шарттары бойынша
- Қор көрсетілген негіздердің біріншісі бойынша кепілдік төлемдерді жүзеге асырған кезде кредиторлардың кепілдік төлемдерді алуға құқықтары «сақтандыру қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген тәртіппен таратылатын СТКЖ қатысушысының сақтандыру портфелін СТКЖ қолданыстағы қатысушысына беру күніне дейін қолданылады.
- СТКЖ таратылатын қатысушысының кредиторына кепілдік төлем жүзеге асырылған күннен бастап сақтандыру шарты бойынша кредитордың жүзеге асырылған кепілдік төлем көлемінде талап ету құқығы Қорға ауысады. Кредитордың ауысқан талап ету құқығын, сондай-ақ кепілдік төлемді жүзеге асыруға байланысты шығыстарды өтеу жөніндегі талапты Қор осы СТКЖ қатысушысының тарату комиссиясына Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен ұсынады.

о. Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер

Көлік оқиғалары орындарынан жасырынған және Жәбірленушілерге зиян келтіргені үшін жауапты адамдар анықталмаған жағдайларда Қор жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдерді жүзеге асырады. Мұндай төлемдерді алуға Қазақстан Республикасы азаматтарының, сондай-ақ шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың құқығы бар. Қор жәбірленушінің денсаулығына келтірілген зиянды өтеу жөніндегі төлемдерді жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтірілген кезде ғана жүзеге асырады.

Жәбірленушінің өміріне, денсаулығына келтірілген зиянды және/немесе жерлеуге жұмсалған шығыстарды өтеу бойынша төлемдер зиянды өтеу резервінің қаражатынан жүзеге асырылады.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

р. Провизиялар

Қор өзінің міндеттемесі бойынша провизияны, егер ол өткен оқиғаның нәтижесінде туындаған, заңды немесе сындарлы сипатта болған, ақылға қонымды бағалануы мүмкін және осы міндеттемені өтеу үшін экономикалық ресурстардың жылыстауы талап етілетін ықтималдық болған жағдайда таниды (қалыптастырады). Егер ақшаның уақытша құнының әсері елеулі болып табылса, Қордың міндеттемесі бойынша провизиялар ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауларын және орынды жерде осы міндеттемеге тән тәуекелдерді көрсететін салық салуға дейінгі ставка бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау арқылы есептеледі. Егер салық салуға дейінгі ставка бойынша күтілетін болашақ ақша ағындарын дисконттау пайдаланылған жағдайда, уақыт өткеннен кейін провизиялар сомасының ұлғаюы қаржыландыру бойынша шығыстар ретінде танылады.

Қорда заңды немесе сындарлы міндеттеме болған кезде басқа провизияларды қор құрады, оған байланысты ресурстардың кету ықтималдығы бар және ол бойынша ақылға қонымды құндық бағалау жасалуы мүмкін.

қ. Зейнетақы міндеттемелері

Қордың параметрлері жұмыс берушілерден қызметкерлерге төленген кірістерден Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына міндетті зейнетақы жарналарын төлеуді талап ететін Қазақстан Республикасының жинақтаушы зейнетақы жүйесіне қатысудан басқа, зейнетақымен қамсыздандырудың осындай жарналарды есептеу үшін қабылданатын қызметкердің ай сайынғы табысынан пайызбен белгіленген мөлшерлеме бойынша есептелетін қосымша схемалары жоқ.

г. Пайыздық кірістер

Қордың экономикалық пайдаға қол жеткізу ықтималдығы жоғары болса және кіріс көлемін нақты анықтау мүмкін болса, қаржылық активтер бойынша пайыздық кірістер танылады. Пайыздық кірістерді Қор есептеу қағидаты бойынша көрсетеді және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша есептеледі.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі - бұл қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің (немесе біртекті қаржылық активтер тобының немесе біртекті қаржылық міндеттемелер тобының) амортизацияланған құнын есептеуден, сондай-ақ пайыздық кірісті немесе пайыздық шығысты тиісті кезеңге жатқызудан тұратын әдіс.

Тиімді пайыздық мөлшерлеме – бұл күтілетін болашақ ақша түсімдерін (пайыздың тиімді мөлшерлемесінің ажырамас бөлігі болып табылатын борыштық құрал бойынша барлық алынған немесе жасалған төлемдерді, мәмілені ресімдеу жөніндегі шығындарды және өзге сыйлықақыларды немесе дисконттарды қоса алғанда) борыштық құралды өтеуге дейінгі күтілетін мерзімге немесе (егер қолданылатын болса) неғұрлым қысқа мерзімге борыштық құралды есепке қабылдау кезіне дейінгі баланстық құнына дейін дисконттау мөлшерлемесі.

Егер қаржылық актив немесе біртекті қаржылық активтер тобы құнсыздану нәтижесінде есептен шығарылған (ішінара есептен шығарылған) болса, пайыздық кіріс болашақ ақша ағындарын дисконттау үшін пайдаланылған бастапқы тиімді пайыздық ставканы ескере отырып айқындалады.

2. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ НЕГІЗГІ ҚАҒИДАТТАРЫ (жалғасы)

Әділ құнымен бағаланатын активтер бойынша алынған пайыздық сыйақы пайыздық кірістер ретінде жіктеледі.

Кері репо операциясы бойынша Қор кірісті немесе залалды осы операцияның нысанасы ретінде пайдаланылған қаржы активтерін кері сату бағасы мен осы операцияны ашу кезінде оларды сатып алу бағасы арасындағы айырманы негізге ала отырып, кірістер мен шығыстар туралы есепте пайыздық кірістер ретінде таниды. Кері репо операциясы бастапқы шарттарда орындалған жағдайда, оның кірістілігі тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып танылады.

Қордың пайыздық кірістері туралы ақпарат осы қаржылық есептіліктің 15-ескертпесінде ұсынылған.

s. Табыс салығы бойынша шығыстар

Қордың табыс салығы бойынша шығыстарына ағымдағы кезеңдегі табыс салығы және кейінге қалдырылған салық міндеттемесі кіреді. Қордың табыс салығы бойынша шығыстары капиталда танылатын операцияларға жататын бөлігін қоспағанда, оның кірістері мен шығыстарында көрсетіледі (мұндай жағдайда Қордың табыс салығы бойынша шығыстары оның капиталында танылады).

Ағымдағы кезеңдегі табыс салығы есепті жыл үшін оның салық салынатын кірісіне қатысты Қордың төлеуіне жататын табыс салығының сомасын, сондай-ақ өткен жылдар үшін табыс салығын төлеу жөніндегі Қордың міндеттемелері шамасының барлық түзетулерін білдіреді.

Қордың кейінге қалдырылған салық міндеттемесі қаржылық есептілік мақсаттары үшін пайдаланылатын активтер мен міндеттемелердің баланстық құны мен олардың салық салу мақсаттары үшін пайдаланылатын құны арасындағы уақытша айырмаларды айқындау арқылы баланстық әдісті пайдалана отырып айқындалады.

Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерін Қор қаржылық есептілік жасалған күні күшіне енген немесе іс жүзінде күшіне енген және Қор күткендей активті өткізу немесе міндеттемені өтеу кезеңіне қолданылатын салық салу мөлшерлемелері мен салық заңнамасының ережелеріне сүйене отырып бағалайды.

Қор кейінге қалдырылған салық активін болашақта активтің сомасына азайтылуы мүмкін салық салынатын кірісті алу ықтималдығы бар дәрежеде ғана таниды. Кейінге қалдырылған салық активтерінің сомасы тиісті салық жеңілдігінің іске асырылу ықтималдығы неғұрлым көбірек төмендейтін дәрежеде азаяды.

Қор кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелерді мынадай шарттар сақталған кезде есепке алады:

- егер ағымдағы салық активтерін ағымдағы салық міндеттемелері есебіне есепке алудың заңды бекітілген құқығы болса
- егер кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері сол бір салық салу объектісіне және сол бір салық органына қатысты болса

Ағымдағы кезеңдегі табыс салығы және Қордың кейінге қалдырылған салық міндеттемелері туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 19-ескертпеде ұсынылған.

t. Жалға алу

2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор алғаш рет 16 «Жалға алу» ХҚЕС-ті (IFRS) қолданды. Бұл стандарт Қордың қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ, өйткені Қордың жалға алынған активтері болмады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (ЖАҢА ХҚЕС ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ХҚЕС ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ)

Қордың қаржылық есептілігін дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енген жаңа ХҚЕС және ХҚЕС интерпретацияларында белгіленген қағидаттарды қоспағанда, 2020 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Қор шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа ХҚЕС-ті, ХҚЕС-ке түзетулер мен түсіндірулерді мерзімінен бұрын қолданбаған.

а. Жаңа және қайта қаралған ХҚЕС және ХҚЕС түсіндірмелері

2021 жылы Қор төменде санамаланған ХҚЕС-ке түзетулер мен түсіндірулерді алғаш рет қолданды, бұл ретте оның қаржылық есептілігіне әсер еткен жоқ.

ХҚЕС (IFRS) 9, ХҚЕС (IAS) 39, ХҚЕС (IFRS) 7, ХҚЕС (IFRS) 4, ХҚЕС (IFRS) 16-ға түзетулер – «Базалық пайыздық мөлшерлеме реформасы (IBOR), 2-кезеңі»

Түзетулер ақша ұсынысының банкаралық мөлшерлемесі (IBOR) баламалы, іс жүзінде тәуекелсіз, пайыздық мөлшерлеменен ауыстырылған жағдайда қаржылық есептілік үшін салдарларды жою үшін қолданылатын уақытша босатуларды ұсынады. Түзетулер мыналарды қарастырады:

- негізгі пайыздық мөлшерлемені реформалаумен тікелей талап етілетін келісім-шарт немесе ақша ағындарының өзгерістері нарықтық пайыздық мөлшерлеменің өзгеруіне балама өзгермелі пайыздық мөлшерлеменің өзгеруі ретінде қарастырылатын практикалық сипаттағы жеңілдетуді
- базалық пайыздық мөлшерлемені реформалау талап етілетін өзгерістерді хеджирлеу қатынастарын айқындауға және хеджирлеу жөніндегі құжаттамаға хеджирлеу қатынастарын тоқтатпай енгізуге жол берілуін
- тәуекелсіз мөлшерлемесі бар құрал хеджирлеу қатынастары шеңберінде тәуекелдік компонент ретінде компанияның қалауы бойынша анықталған жағдайларда компанияларға жеке сәйкестендірілетін компоненттерге қатысты талаптарды сақтау қажеттілігінен уақытша босату беріледі

16 (IFRS) ХҚЕС-ке түзету – «Covid-19 пандемиясымен байланысты жалға беру бойынша жеңілдіктер»

2020 жылғы 28 мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңесі 16 (IFRS) ХҚЕС «Жалға беру» түзетуі жалға алушылар үшін COVID-19 пандемиясының тікелей салдары ретінде туындайтын жалға беру бойынша жеңілдіктің болуы жағдайында жалға беру шарттарының түрленуін есепке алу бөлігінде осы стандарттың талаптарын қолданудан босатуды көздейді. Практикалық сипаттағы жеңілдету ретінде жалға алушы covid-19 пандемиясына, жалдау шартының өзгеруіне байланысты жалға беруші берген жалдау бойынша жеңілдіктің бар-жоғын талдауға шешім қабылдауы мүмкін. Осындай шешім қабылдаған жалға алушы аталған концессияға байланысты жалға беру бойынша жеңілдікке байланысты жалдау төлемдерінің кез келген өзгерісін, егер ол жалға беру шартының түрленуі болмаса, осы стандартқа сәйкес есепте қалай көрінетініне ұқсас ескеруі керек.

Түзету 2021 жылдың 30 маусымына дейін қолданылуы керек еді, бірақ 2021 жылғы 31 наурызда Covid-19 пандемиясының жалғасуына байланысты ХҚЕС жөніндегі Кеңесі аталған жеңілдетудің қолдану мерзімін 2022 жылдың 30 маусымына дейін ұзарту туралы шешім қабылдады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (ЖАҢА ХҚЕС ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ХҚЕС ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ) (жалғасы)

b. Жаңа ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері және әлі күшіне енбеген ХҚЕС түзетулері

ХҚЕС кеңесі шығарған және 2022 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін басталатын болашақ есеп беру кезеңдерінде күшіне енетін бірқатар ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері мен ХҚЕС түзетулері бар. Олардың ішіндегі ең маңыздылары төменде берілген.

37 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – «Ауыртпалық салатын шарттар – шартты орындауға арналған шығындар»

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 37 «Бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» ХҚЕС-тің (IAS) 68-тармағына өзгерістер енгізілді, оларға сәйкес шартты орындауға арналған шығындар осы шартқа тікелей байланысты және төменде берілген шығындарды қамтиды:

- осы Шартты орындауға арналған қосымша шығындар, мысалы, еңбекке ақы төлеуге және материалдарға арналған тікелей шығындар
- осы Шартты орындауға тікелей байланысты бөлінген өзге де шығындар, мысалы, орындау үшін пайдаланылатын негізгі құралдар объектісінің амортизациясы бойынша шығыстардың бөлінген бөлігі – басқа шарттардың ішінде – және осы Шарт.

16 ХҚЕС-ке (IAS) түзету – «Негізгі құралдар – мақсаты бойынша пайдаланғанға дейінгі түсімдер»

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 16 ХҚЕС (IAS) «Негізгі құралдар» жаңартылған редакциясына сәйкес компания объектіні мақсаты бойынша пайдалануға дайындаған уақытта осы объектіні пайдалана отырып өндірілген бұйымдарды сатудан компания алған соманы негізгі құралдар Объектісінің құнынан шегеруге тыйым салынады. Оның орнына, компания осындай өнімдерді сатудан түскен кірісті және пайда немесе шығын құрамындағы тиісті шығындарды тануы керек.

1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш қолданатын еншілес ұйым»

«Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын алғаш рет қолдану» 1 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету ХҚЕС алғаш қолданатын компаниялармен шығындарды қысқарту үшін осы стандарттың D16(a) тармағында көзделген жинақталған бағамдық айырмаларға босатуды кеңейтеді.

9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету – «Қаржылық міндеттемелерді тануды тоқтату үшін «10% тест» өткізу кезіндегі берілетін комиссиялық сыйақы»

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 9 ХҚЕС (IFRS) «Қаржы құралдары» жаңартылған редакциясына сәйкес комиссиялық сыйақының шамасын айқындау кезінде қарыз алушы басқа тараптардың атынан қарыз алушы немесе кредитор төлеген не алған сомаларды қоса алғанда, қарыз алушы немесе кредитор төлеген не алған комиссиялық сыйақының сомаларын ғана ескереді.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (ЖАҢА ХҚЕС ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ХҚЕС ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ) (жалғасы)

3 ХҚЕС (IFRS) – «Қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздеріне сілтемелер» түзетулері

2022 жылғы 1 қаңтардан бастап 3 «Бизнес бірлестіктері» ХҚЕС-те (IFRS) сатып алушы ретінде сәйкестендірілген біріктіруші ұйымдардың бірі сатып алынған активті немесе қабылданған міндеттемені не құрайтынын анықтау үшін 2018 жылы шығарылған қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алуға тиіс сілтеме жаңартылды. Осы күннен бастап ерекшеліктер енгізіліп, оған сәйкес осы стандартты қолданатын Компаниялар міндеттемелердің және шартты міндеттемелердің кейбір түрлері үшін қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерінің орнына 37 «бағалау міндеттемелері, шартты міндеттемелер және шартты активтер» ХҚЕС-ті (IAS) басшылыққа алуы тиіс. Басқарма осы стандарттағы міндеттеменің анықтамасы қаржылық есептіліктің тұжырымдамалық негіздерінің соңғы нұсқасындағы анықтамадан өзгеше болғанға дейін осы ерекшелік 37 ХҚЕС-те (IAS) қалатынын күтуде.

17 ХҚЕС (IFRS) күшіне енуінің және 1 ХҚЕС (IAS) түзетулерінің ауысуы

2020 жылғы наурызда ХҚЕС жөніндегі Кеңесі 17 «Сақтандыру шарттары» ХҚЕС (IFRS) 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін күшіне енуін кейінге қалдыру туралы шешім қабылдады.

2020 жылғы сәуірде ХҚЕС жөніндегі Кеңесі 1 ХҚЕС (IAS) «Қаржылық есептілікті ұсыну» – «Міндеттемелерді қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді ретінде жіктеу» түзетулерінің күшіне ену күнін 2022 жылғы 1 қаңтардан 2023 жылғы 1 қаңтарға ауыстыруды шешті.

Қор ХҚЕС, ХҚЕС түсіндірмелері және ХҚЕС жөніндегі Кеңес шығарған, бірақ әлі күшіне енген түзетулері Қорға елеулі әсер етеді деп күтпейді.

с. Covid-19 пандемиясы

Covid-19 ауруы алғаш рет 2019 жылдың соңында тіркелді. 2019 жылғы 31 желтоқсанда Қытай Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына (ДДСҰ) вирустың жаңа түрі туралы хабарлады. 2020 жылғы 30 қаңтарда ХМСЕ¹⁶ Төтенше жағдайлар комитеті бұл аурудың өршуін «Халықаралық денсаулық сақтау саласындағы төтенше жағдай» деп таныды. Содан бері вирустық инфекция бүкіл әлемге таралды. 2020 жылдың 11 наурызында ДДҰ covid-19 індетін пандемия деп жариялады. Вакциналардың тез және уақтылы дамуына қарамастан, 2021 жылы коронавирус инфекциясы мутацияға ұшырап, ғаламшарға таралуын жалғастырды.

Covid-19 ауруы бүкіл әлемдік экономикаға айтарлықтай әсер етті. Көптеген елдер миллиондаған адамдарға сапар шегуге шектеулер енгізді, көптеген аймақтарда карантиндік шаралар да енгізілді. Бизнес айтарлықтай шығындарға және жеткізілім тізбегін бұзуға ұшырауда. Кейбір елдер оқшаулау режимін әлсірете бастады, бірақ бұл процесс кезең-кезеңмен жүзеге асырылады және кәсіпорындардың бұзылуына байланысты миллиондаған жұмысшылар жұмысынан айрылды.

¹⁶ ДДҰ сайтында (who.int/ihr): «Халықаралық медициналық-санитарлық ережелерді немесе ХМСЕ (2005)-бұл ДДҰ-ға мүше барлық мемлекеттерді қоса алғанда, 196 ел арасындағы денсаулық сақтаудың жаһандық қауіпсіздігі үшін бірлесіп жұмыс істеуге бағытталған келісім».

3. ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР (ЖАҢА ХҚЕС ҚОЛДАНУ ЖӘНЕ ХҚЕС ТҮСІНДІРМЕЛЕРІ) (жалғасы)

Covid-19 пандемиясы бүкіл әлемдегі қаржы және шикізат нарықтарын айтарлықтай құбылмалылыққа әкелді. Көптеген елдердің үкіметтері зардап шеккен ұйымдарға қаржылық және қаржылық емес қолдау көрсету шаралары туралы жариялады. Бұл өзгерістер ұйымдардың ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікті дайындауында кейбір қиындықтар туғызады. Ұйымдар, атап айтқанда, қызметтің үздіксіздігі, қаржы құралдары, қаржылық емес активтердің құнсыздануын бағалау, мемлекеттік субсидиялар, пайдаға салынатын салықтар, сақтандыру шарттары бойынша міндеттемелер, жалдау шарттары, сақтандыру төлемдері, ауыртпалықты шарттар бойынша бағалау міндеттемелері, әділ құнды бағалау, түсімді тану, қорлар, есепті кезеңнен кейінгі оқиғалар, қаржылық есептіліктегі ақпаратты ашуға өзге де талаптар және өзге де бухгалтерлік бағалаулар сияқты аспектілерге қатысты ақпаратты есепке алуға және оны ашып көрсетуге қойылатын талаптарды қарауға тиіс. Covid-19 пандемиясы активтер мен міндеттемелерді бағалауға байланысты болжамдар мен белгісіздіктерге әсер етеді. Сондықтан, ұйымдар қаржылық есептілікті пайдаланушыларға қаржылық есептілікте қолданылатын пікірлерді түсінуге көмектесу үшін қосымша ақпаратты ашып көрсету қажеттілігін мұқият талдауы керек. ХҚЕС бойынша қаржылық есептіліктегі Covid-19 пандемиясы салдарының әсері едәуір дәрежеде ұйым қызметінің сипатына және ұйымның осындай ықпалға ұшырау дәрежесіне байланысты болғандықтан, ықтимал әсер ұсынылған деректерде көрсетілмеген.

Қор басшылығының бағалауына сәйкес бұл жағдай Қор қызметінің тоқтатылуына әкеп соқтырмауы тиіс. Алайда, жағдай тез өзгеріп отырады және оны Қордың қызметіне болашақ әсерін қазіргі уақытта сенімді бағалау мүмкін емес.

4. ЕЛЕУЛІ БУХГАЛТЕРЛІК ПАЙЫМДАУЛАР, ЖОРАМАЛДАР МЕН БАҒАЛАУЛАР

Осы қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау кезінде Қор басшылығы активтер мен міндеттемелерді көрсету және шартты активтер мен міндеттемелер туралы ақпаратты ашу мәселелеріне қатысы бар кәсіби пайымдауларды, жол берулерді және есептік бағалауды пайдаланды. Нақты нәтижелер осы бағалаулардан өзгеше болуы мүмкін.

Болжамдарды және олардың негізінде жасалған есептік бағалауды басшылық оларды өзгерту қажеттілігі тұрғысынан үнемі талдайды. Есептік бағалаулардағы өзгерістер осы бағалаулар қайта қаралған есепті кезеңде және көрсетілген өзгерістермен қозғалған барлық кейінгі кезеңдерде танылады.

Төменде Қор басшылығының пікірі бойынша осы қаржылық есептілікте көрсетілген сомаларға неғұрлым елеулі әсер етуі мүмкін болашаққа қатысты сыни пайымдаулар, негізгі жорамалдар мен бағалаудың белгісіздік көздері келтірілген. Дегенмен, Қор басшылығы бағалаулардағы өзгерістер салдарынан келесі 12 ай ішінде қаржы активтері мен міндеттемелері құнының, сондай-ақ салықтар бойынша міндеттемелер құнының өзгеруіне қатысты елеулі тәуекелді күтпейді.

а. Күтілетін кредиттік шығындарды бағалау

Қор қаржы активтері мен дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік залалдарға бағалау резервтерін (провизияларды) қалыптастырады. Мұндай залалдардың мөлшерін қор қаржы активтеріне немесе олардың эмитенттеріне берілген кредиттік залалдарға және дебиторлық берешектің пайда болу мерзімдері мен мөлшеріне қарай айқындайды. Күтілетін кредиттік шығындар туралы ақпарат осы қаржылық есептілікке 16-ескертпеде берілген. Сондай-ақ, осы қаржылық есептіліктің 2-ескертпесін, «Қаржы құралдары. Қаржы активтерінің құнсыздануы» және «дебиторлық берешек» бөлімдерін, және осы қаржылық есептілікке 20-ескертпені қараңыз.

б. Өзге жиынтық кіріс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын қаржы активтері

